

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 4

2022



3. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: «Арыс» – «Қазақстан», 1998. – 428 с.
4. Электронное самоуправление этнических немцев. История. <http://old.wiedergeburt.kz/index.php/germansofkazakhstan/history/288-история>. Дата обращения – 02.10.2022.
5. Мы готовы предоставить особые условия для немецких бизнесменов – Токаев. <https://businessmir.kz/2019/12/06/my-gotovy-predostavit-osoby-usloviya-dlya-nemetskih-biznesmenov-tokaev/>. Дата обращения – 02.10.2022.
6. Қазақстан-Германия ынтымақтастығы этникалық немістерді қолдау арқылы нығая түсуде. <https://egemen.kz/article/200522-qazaqstan-germaniya-yntymaqstasyghy-etnikalyq-nemisterdi-qoldau-arquly-nyghaya-t>. Дата обращения – 02.10.2022.

Материал редакцияға түсті: 28.10.2022

ТУЛЕБАЕВ, Б.А.

ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ НЕМЕЦКОЙ ДИАСПОРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Для полиэтнического Казахстана эффективная межэтническая политика является важным инструментом поддержки социально-политической, экономической целостности и общественного согласия. Диаспора, поселившаяся в определенной стране, по мере своего развития становится субъектом политико-экономических процессов в этом обществе и выполняет функцию связывания народов в системе межэтнических и международных отношений. Немецкая диаспора, как одна из 140 этносов, дружно проживающих на территории страны, также вносит большой вклад в эту деятельность.

Ключевые слова: *многонациональный Казахстан, немецкая диаспора, межэтническое согласие, межэтническая политика, этнос, депортация, двусторонние отношения.*

TULEBAYEV, B.A.

THE HISTORY AND THE CURRENT SITUATION OF GERMAN DIASPORA IN KAZAKHSTAN

For multiethnic Kazakhstan, an effective interethnic policy is an important tool for supporting socio-political, economic integrity and social harmony. A diaspora settled in a certain country, as it develops, becomes a subject of political and economic processes in this society and performs the function of linking peoples in the system of interethnic and international relations. The German diaspora, as one of the 140 ethnic groups living together in the country, also makes a great contribution to this activity.

Key words: *multinational Kazakhstan, German diaspora, interethnic harmony, interethnic politics, ethnic group, deportation, bilateral relations.*

ӘӨЖ 372.8

Тургаева, Б.А.

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университетінің

II курс магистранты

Қостанай, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Түйін

Бұл мақалада саралап оқыту стратегиялары туралы және оған анықтама берілген. Педагогика ғылымдарының түсініктемесі көрсетіліп, оған талдау жасалған. Оқу үдерісінде мұғалімнің кәсіби міндеті, мұғалімнен үлкен өнерді талап етуі көрсетілген. Мұғалім әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарау, білім алушылардың даярлық деңгейін, сондай-ақ әлеуетті мүмкіндіктерін де есепке алуды көздеу керектігі айтылған. Саралап оқыту стра-

тегияларын пайдаланудың жұмыс түрлерін анықтап, тиімді жолдары, міндеттері, әдістері қарастырылды.

Кілт сөздер: саралау, саралап оқыту, білім алушылар, саралап оқыту стратегиялары, оқытудың тиімділігі.

1 Кіріспе

Балаларды оқыту тек дайындық деңгейінде ғана емес, тіпті оқу мүмкіндіктері бойынша да мұғалімнің алдында тұрған ең қиын міндет болуы мүмкін. Осындай қиындықты сараланған көзқарасыз шешу мүмкін емес.

Алдымен, саралап оқыту деген сөзге түсініктеме бергім келіп отыр. «Саралау («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру». [1]. Алайда, «саралау» ұғымы кең мағынада қолданылатынын есте ұстаған жөн: біз негізінен оқушылардың жеке ерекшеліктерімен ғана шектелмей, жас ерекшелігін, жыныстық, аймақтық-экономикалық, ұлттық және басқа да белгілер бойынша саралауға мән беру керек (Рабунский, 1975).

Е.А. Онищенко, Т.И. Смаглий, Б.М.Утегенова өз еңбектерінде: «Саралап оқыту әр оқушының бейімділігі мен қабілеттерін анықтауға және оны барынша арттыруға бағытталған. Мектептегі білім деңгейі барлығына бірдей болуы шарт. Оқыту мен тәрбиелеуді саралау оқушының жеке басының ерекшеліктерінің, оның қабілетінің, қызығушылығының, бейімділігінің, білім алуға дайындығының айырмашылығына негізделеді. Ол икемді және мобильді болуы керек, мұғалімге оқу процесінде әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарауға және сыныпты жалпы белсендіруге ықпал етуге мүмкіндік береді», – деген [4]. Демек, сабақта жаңа материалды түсінуіне оқушылардың барлығына бірдей жағдайда мүмкіндік беріліп, сабақтың оқу мақсатына негізделген тапсырмалар ортақ беріледі, бірақ әркім өз деңгейінде орындайды. Өз сабақтарымда кейбір оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылықтарын тудыру үшін, әр оқушының қабілетіне, дағдыларына, сөйлеу белсенділігі мен ойлау ерекшелігіне назар аударамын. Әрбір білім алушы өзінің қабілеттері деңгейінде жұмыс істеуі мүмкін, бірақ айтарлықтай қиындықты жеңе алатын ұйымдастырушылық формаларды қарастыруы керек.

Білім алушылардың тілін дамыту және қазақ тілінде естігендерін қабылдай білу үшін, алдымен жоғары деңгейдегі білім алушыларды тыңдау қажет, өйткені мықты білім алушылар жоғары жұмыс қабілеттілігіне, жақсы есте сақтауына, ұйымдастырылуына ие, содан кейін үлгерімі нашар балаларды міндетті түрде тыңдай алады, өйткені қажетті ақпаратты бірнеше рет тыңдағаннан кейін олар ұсынылған тақырыпты түсінетіндігін көрсете алады. Сондай-ақ жұмысты жұпқа және топқа бөліп қолданған жөн, онда білім алушыларды әртүрлі және бірдей дәрежеде біріктіруге болады деп, жұмыстың мұндай түрлерін Б.М. Утегенова да өз еңбегінде атап көрсеткен [3; 5]. Әр түрлі жұмыстарды орындау барысында мықты білім алушылар үлгерімі нашар балаларды ұсынылған тақырыптар бойынша талқылауды жалғастыруға итермелей отырып, сұрақтар қоя алады. Бірақ мұндай жұмысты ұйымдастыру үшін біраз уақыт беру керек.

2 Материалдар мен әдістер

Осы мақаланы жазбас бұрын саралап оқыту туралы теориялық әдіс қолданып, жақын шетелдік, отандық ғалымдардың бірқатар еңбектері және жергілікті педагогика ғылымдарының кандидаты Б.М.Утегенованың заманауи мектептерде саралап оқытуды тұлғалық-бағдарланған білім берудің стратегиясы ретінде қарастырған еңбектері зерделенді. Оны өзімнің педагогикалық іс-тәжірибеммен ұштастыра отырып, мектепте саралап оқытуды ұйымдастыру үшін, оқушының өзіне ғана тән ерекшелігін анықтап, оның дамуына және әлеуметтік әсерлерге қарсы тұруына көмектесуге қандай жағдай жасау керектігі айтылды. И.Э. Унттың пікірінше, саралау – бұл дараландырудың бір түрі, сондықтан оқытуды ұйымдастыру үшін, қандай да бір ерекшеліктер негізінде құрылу керек дейді. Демек, оқушының

өзгеше қасиеттерімен ерекшелінуін ескеру керек. Ол үшін мектеп мұғалімдерінің білім беру үдерісінде саралап оқытуды ұйымдастырып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне психологиялық тұрғыдан жан-жақты көмек қажет.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Балаларды ең алдымен жауаптарын бағалауға, оларды талдауға, содан кейін басқа білім алушылардың жұмысына, өз пікірін айтуға, не ұнағанын және не үшін, қандай да бір түзетулер енгізуге үйрету керек. Жауаптың өзін-өзі талдауы оқушылардың өзіне де, басқаларға да талапты болуына ықпал етеді [5].

Әрине, сабақта тапсырмаларды орындау кезінде кейбір білім алушылар бұл тапсырмаларды тезірек, ал басқалары баяу орындайды. Сондықтан әр оқушының ерекшеліктерін, сондай-ақ сабақ кезеңін ескере отырып, қосымша жеке тапсырмалар дайындау қажет.

Сөйлеу және ақыл-ой белсенділігін арттыру, жаңа лексикалық минимумды немесе грамматикалық материалды енгізу үшін алдымен үлгерімі жақсы оқушылармен, содан кейін жұптармен және топтармен түрлі жұмысты қолдана отырып, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жасаған жөн.

Оқыту деңгейі әртүрлі білім алушыларға саралап оқыту әдісін үй тапсырмасын анықтау кезінде де жүзеге асыру қажет, яғни үлгерімі нашар, сондай-ақ күшті балалар үшін үй тапсырмасын дайындау деңгейін анықтау, тапсырмалардың көлемі мен олардың күрделілігін өзгерту қажет.

Саралап оқыту стратегиялары білім алушылардың даярлық деңгейін де, сондай-ақ әлеуетті мүмкіндіктерін де есепке алуды көздейді, яғни жаттығулар білім алушылардың қазақ тіліне қабілетін айқындайтын олардың жеке ерекшеліктерін дамытуға бағытталған арнайы тапсырмаларды қамтуы тиіс [2].

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оң нәтижелерге қол жеткізу үшін әрбір оқушымен жұмыс істеу үшін саралап оқытуды көздейтін, белгілі бір, бірақ міндетті түрде ойластырылған жүйені ұстанған жағдайда ғана мүмкін болады, бұл білім деңгейі жоғары білім алушыларға қосымша ақпарат береді және үлгерімі нашар балаларға ұсынылған материалды түсіну мен меңгеруді жеңілдетеді.

Оқыту жүйесіне сүйене отырып, саралап оқыту стратегияларын қолдана отырып, жұптар мен топтарда жұмыс істеу білім алушыларға қателіктер жіберуден қорқуды жеңуге, жаңа сөздерді немесе грамматикалық материалдарды игеруге, осының бәрін өз сөзінде сәтті қолдануға көмектеседі.

5 Қорытынды

Мұғалім оқу материалына, тақырыпқа жүйелі түрде қызығушылық танытуы, танымдық қажеттіліктерді қалыптастыруы, оқыту мысалдарының эмоционалдылығын арттыруы керек. Үлгерімі төмен оқушылар үнемі олардың қызметінің мағынасын түсіндіруі керек. Бұл білім алушылардан оқу іс-әрекеті туралы қажетті түсініктерді таңдау үшін оларға оқу тапсырмасын беру жеткіліксіз, бірақ әр жолы тапсырма мазмұнының мағынасына назар аудару керек. Еске сала кетейік, көбінесе мадақтау мен сөгудің бір ғана сөзі, бір қимыл, ишара түрде айтылған сезім немесе оқушы күткен мұғалімнің реакциясының болмауы ілімге деген көзқарастың кенеттен өзгеруіне әкеледі. Өздігінен қолданған кезде теріс әсер ететін сөздің күші саналы түрде қолданылған кезде және одан да сәтті әрекеттермен бірге оқушыға жағымды әсер етуі мүмкін.

Қорытындылай келе, мектепте саралап оқыту стратегияларын жүзеге асыру мұғалімнен үлкен өнерді талап ететінін атап өткім келеді. Ол әр топта қалыптасқан нақты жағдайларды және әр оқушының мүмкіндіктерін ескеруі керек, ешқандай жағдайда олардың әрқайсысының қадір-қасиеті мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуі керек.

Білім алушыларға саралап оқыту стратегияларын қолдану және ең алдымен, олардың тілдік дайындығын, сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейін ескеру заманауи сабақтардың қажетті құрамдас бөлігі болып табылады және оның тиімділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова Л.М., Бородкина Г.В., «Дифференциация обучения: Педагогическая и физиолого-гигиеническая оценка» // Педагогика, 1992, №9.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. – 442 б.
3. Дифференциация обучения как стратегия личностно-ориентированного образования в современной школе. – Научный журнал «Вестник ЕАГИ» №2, 2016. – 116-120 с.
4. Онищенко Е.А., Смаглий Т.И., Утегенова Б.М. Основы дифференциации преподавания и обучения в современной школе: учебно-методическое пособие – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» ЦПМ. – 2016, 99 с.
5. Ізғали Ж. І. І-30 Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану. Әдістемелік құрал. – Атырау. 2019. – 68 б.

Материал редакцияға түсті: 04.10.2022

ТУРГАЕВА, Б.А.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СТРАТЕГИЙ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

В этой статье представлен обзор и определение стратегий дифференцированного обучения. Объясняются и анализируются педагогические науки. В образовательном процессе показан профессиональный долг педагога, требующий от педагога высокого мастерства. Говорится, что учитель должен относиться к каждому ученику с индивидуальной точки зрения, учитывать уровень подготовки и потенциальные возможности учеников. Определены виды работы по использованию дифференцированных стратегий обучения, рассмотрены эффективные способы, задачи и методы.

Ключевые слова: дифференциация, дифференцированное обучение, учащиеся, стратегии дифференцированного обучения, эффективность обучения.

TURGAYEVA, B.A.

THE USE OF DIFFERENTIATED LEARNING STRATEGIES IN THE LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE

This article provides an overview and definition of differentiated learning strategies. Pedagogical sciences are explained and analyzed. In the educational process, the professional duty of the teacher is shown, which requires high skill from the teacher. It is said that the teacher should treat each student from an individual point of view, take into account the level of preparation and potential abilities of students. The types of work on the use of differentiated learning strategies are determined, effective methods, tasks and methods are considered.

Key words: differentiation, differentiated learning, students, differentiated learning strategies, learning efficiency.

УДК 316.613.42

Янчук, Д.С.

*магистрант 2-го курса
КРУ им. Ахмета Байтурсынова,
г.Костанай, Казахстан*

«SOFT-SKILLS» СТУДЕНТОВ: ПРОБЛЕМА ДИАГНОСТИКИ

Аннотация

В современном мире мало иметь знания: они слишком часто устаревают, и их всегда можно приобрести. Важны навыки. Они могут быть либо профессиональные, практические, либо такие, которые можно применить в разных сферах. Soft skills – это кросс-функциональные навыки, которые в современном мире требуются вне зависимости от того, в какой профессии вы работаете. Одним из важнейших компонентов работы по развитию мягких навыков у студентов выступает диагностика. Диагности-